



ҰСТАЗДАР ГАЗЕТІ

ОБЛАСТНАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

ОСНОВАНА ПОЧЕТНЫМ РАБОТНИКОМ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Т.Е.ДАЙКЕНОВЫМ

Издается с 1 июня 2003 года

13 февраля 2010 г. № 4 (171)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ

ТЕМІРБОЛАТ ЕРЕЖЕПБАЙҰЛЫ ДАЙКЕНОВ

Учитель с большой буквы

Сегодня исполнилось бы 70 лет замечательному человеку, наставнику, гражданину, другу и Учителю с большой буквы, талантливому человеку Дайкенову Темирбулату Ережепбаевичу.

Боль утраты не имеет времени. И сегодня нам всем не хватает его удивительной житейской мудрости, доброты, способности сопереживать, поддерживать людей в тяжелую минуту.

Всю свою жизнь он посвятил делу служения образования и будучи заведующим Качирским районо, председателем обкома профсоюза работников образования и науки, начальником Павлодарского областного управления образования, директором областного института усовершенствования учителей внес большую лепту в совершенствование системы образования Павлодарской области.

Созидатель по своей природе Темирбулат Ережепбаевич всегда «сеял разумное, доброе, вечное». Он не мыслил себя вне работы, вне общения с людьми, всю свою энергию и силы отдавал служению Родине, обществу. Всегда старался помочь каждому конкретному человеку.

У Темирбулата Ережепбаевича было много друзей, которые хорошо осознавали, что имеют дело с незаурядной личностью и исключительно добрым и талантливым человеком. И таким другом он навсегда останется в нашей памяти.

Друзья и коллеги Темирбулата Ережепбаевича:

КАРАЕВ Ж.А. - заместитель акима Мангистауской области, доктор педагогических наук, профессор (ранее - директор Департамента среднего образования Министерства образования и науки РК, первый вице-президент Академии педагогических наук РК).

ОЗГАМБАЕВ О.О. - председатель Совета ветеранов Мангистауской области, доктор филологических наук, профессор (директор Департамента образования Мангистауской области, председатель Комитета Сената Парламента Республики Казахстан, президент Академии педагогических наук РК).

КАСЫМБЕКОВ Е.К. - проректор Казахстанско-Российского университета (директор Департамента образования Алма-тинской, Западно-Казахстанской и Мангистауской областей, начальник Глишиного управления среднего образования Министерства образования, заведующий сектором образования Канцелярии Премьер-Министра Республики Казахстан).



1940 жылы 10 ақпанда Қашыр ауданы, Жайлауағаш ауылында туған. Еңбек жолын 1957 жылы орта мектепті бітіре сала осы аудандағы Теңдік ауылындағы бастауыш, Жайлауағаш жеті жылдық мектептерінде мұғалім болып бастады.

1970-72 жылдары Березовка орта мектебінің директоры;

1974-78 жылдары Қашыр аудандық оқу бөлімінің мең-
бауышы;

Бұдан кейінгі жылдары партия

Есімің сенің мәңгі өшпейді

Маңына ұрық шашпаған жақсылық жапанда жалғыз өскен бәйтерекше тұл болады да қалады» - деген екен М. Әуезов. Темірболат Ережепбайұлы езінің өмірін есте қаларлықтай игі істерге жұмсап, артына өшпейтіндей із қалдырды. Оның шапағатын көрмеген, қамқорлығын сезбеген адам кемде-кем шығар. Тірі болса, «өзінің жетпіс жылдығын тойлап, тырнақтап жинап кітап қылған Уақ аталарының шежіресінің тұсаукесерін жасар еді. Бірақ оған жете алмады. Темірдің аруағы риза болсын деп, мына елең жолдарын арнаймын:

Азамат ең – жұрттың қамын ойлайтын,
Ажал алды-ау, қанша алса да, тоймайтын.
Бүгін міне тек еске алып отырмыз
Жылың еді жетпісінді тойлайтын.

Жеткізбеді. Ойлағанмен бола ма,
Көп жұбату көңілімізге қона ма.
Артағылар тіршілігін жасауда
Бірақ сенің орның мәңгі тола ма.

Жаратқанның зор күшіне бағынып,
Өмір етіп бара жатыр ағылып.
Сен алыстап кеткен сайын тым ұзап,
Жиі-жиі еске аламыз сағынып.

Бірталай жыл еңбектеніп жинадың,
Осы жолда өз жаныңды қинадың.
Бабалардың шежіресін жүйелеп,
Ағайынға кітап етіп силадың.

Тынымсыз ең арманың кеп ойыңда,
Мін жоқ еді тұрған тұла бойыңда.
Көре алмадың кітабыңның бүгінгі
Тұсау кесер өтіп жатқан тойын да.

Өмір сүрдің, сүйсінердей бабалар,
Еңбек еттің барлық адам бағалар.
Жоқ болсаң да ізің қалды артыңда
Жалғастырар немерелер, балалар.

Мәңгілік жоқ, өмірден кім кешпейді,
Біреуге ерте, ал біреуге кеш, мейлі.
Көз көргендер тірі болса, қашан да,
Атың сенің сақталады, өшпейді.

Темірболатты еске алу

Туысшыл ең, езің жалғыз болғасын. Еңбек еттің күшінді мүлде сарқып,
Солмақтың өлің мінезің бір қорғасын. Адамның қолы аңбағ моллау қарын,
Сенің қолың аңбағ моллау қарын.

СЕМЧЕНКО А.А. - заместитель директора Республиканского института повышения квалификации работников системы образования, профессор, член - корреспондент Академии педагогических наук Республики Казахстан.

Алғашқы кездесу

Мен Теменмен алғаш рет Қарлығаның әкесі Шәйкен Байселдиновтың үйінде кездескен едім. Шәйкен нағашым қазір үлкен қонақтар келеді. Ол өзі өте кірпияз, оған терден орын дайындау керек деп безек қағады. Нағашы, кімді айтып отырсыз. Теменді айтасыз ба? - деді жолдасым Мырзабек екеуіміз жарыса. Ол күйеу балаңыз емес пе, «қазақ күйеу атымен күл төк», - демей ме сіз Алматыдан, Павлодардан сирек келетін мейманды күтетіндей әбігерленіп отырсыз, - деп әзілдеп қоямыз.

- «Жарайды, сендердің айтқандарың жөн. Бірақ, білім ордасының басшысы, мәдениетті адам. Оған лайықты құрмет көрсетейік дегенім ғой, «Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» болып жүрмесін, - деп маңғаздана түсті ол. Қазақтың қонақ күту дәстүрін жетік білетін нағашымыздың пейілін байқап, ұялғанымызды сездірмеген болып, бәрекемді бұл кісінің қонақжайлығы бар қазақтың пейіліндей деп қошеметтедік. Бұл кезде Темірболат Ережепбайұлы Қашыр ауданының Березовка орта мектебінде директор еді.

Темірболаттың даралық мінезі осындай сәттерде әр кез көрінетін. Бәде адамдармен сыпайы, дауысын әдеттегіден сәл бәсеңдетіп, өзінің әуезді қоңыр даусымен сәлемдескенде ресмилік тәртіп сезіле қалады. Ауылдастары оны біздің Темен табиғатынан бастық болуға лайықты жан дейтін. Олардың айтса айтқанындай, Темірболат Ережепбайұлы көп ұзамай Қашыр ауданының оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Онымен әріптес, білім саласының жауапты қызметкері ретінде жиі кездесетін болдық. Кейін ол сегіз жыл бойы Павлодар облыстық білім беру басқармасының бастығы қызметін атқарды.

Сол кезде қазақ мектептерінің санын көбейту туралы ой түйді. Осы мақсатын орындау үшін маған жоба жасауды ұсынды. Ол кезде мен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында бөлім меңгерушісі едім. Тапсырманы кешіктермей орындау маған қиын емес еді. Теменнің ұсынысымен Павлодар қаласындағы және аудандардағы орта мектептерде қазақ тілінде оқыту сыныптары ашылды. Ол Қазақ КСР-і Білім министрлігіне қызметтік хаттар жолдап, қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдер даярлауға рұқсат алды. Соның нәтижесінде Павлодар қаласындағы № 19, 22, 35, 36, 12, 42 және т.б. мектептерде қазақ сыныптары ашылды. Кейін бұл мектептердің көбі таза қазақ мектептеріне көшті. Теменнің алғырлық қабілеті әрдайым жаңалық іздеуге мүмкіндік берді. Ол облыстық «Ұстаздар» жеке меншік газетін ашты.

Темірболат Ережепбайұлы өзінің ұстаздық парызын абыройлы өтеген облыс өңірінде өнімді де жемісті еңбек еткен азаматтардың қатарында елеулі орын алады деп ойлаймын.

Еңлік ЖҰМАТАЕВА,
п.ғ.д., профессор, академик

және кәсіподақ жұмыстарында облыстық партия комитетінің нұсқаушысы.

1984 жылы білім, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің төрағасы болып сайланды.

1988-1996 жылдары облыстық білім басқармасының бастығы;

1996 жылдың қаңтарынан осы уақытқа дейін облыстық мұғалімдер біліктілігін арттыру институтының директоры.

Темірболат Ережепбайұлы республикалық, бүкілодақтық мұғалімдер съездеріне делегат болып әлденеше сайланды, КСРО білім қызметкерлері кәсіподағының Орталық комитетінің мүшесі болды.

Қазақ КСР және КСРО оқу-ағарту ісінің үздігі, Ы. Алтынсарин атындағы Алтын медальдың иегері.

1999 жылы «Дарын» жекеменшік қазақ гимназиясын, бала бақшасын ашты.

2001 жылы қазанда Қазақстан Республикасының «Құрметті білім қызметкері»;

2002 жылы Новосібір гуманитарлық институтының құрметті профессоры атағына ие болған. Темірболат Ережепбайұлы оқулықтар, электронды оқулықтардың авторы.

2003 жылы 1 маусымда жекеменшік педагогикалық «Ұстаздар газетін» ашты.

2004 жылы «Ұстаз-Учитель» атты кітабын оқырмандарға ұсынды.

Салмақты едің мінезің бір қорғасын. Балалар мен немерелер бағына, Кездесіпті Қарлығадай жолдасың.

Шапағатың тиген талай адамға, Барған едің талай қиын қадамға. Жақсылығың мәңгілік қалар есте, Ерік бердім мен де бүгін қаламға.

Көп тілеуі тағы да қабыл болсын,
Тар қабірің жарқырап нұрға толсын.
Сен жетпеген жақсылық болса тағы,
Артта қалған ұрпағың көрер болсын.

Елорқа тіліңді мүлде қарлып,
Алғың келді сыбаға молдау қарлып,
Барлық істе алғырлық танытып ең,
Алатындай алдыңнан біреу тартып.

Көп тіледік сен жұмақта болсын деп,
Тірліктегі жақсы істерің жанға сеп.
Бүгін міне дұға жауып, еске алып,
Талай адам жиылды осында кеп.

Мұқатай ТЕМІРБЕКҰЛЫ,
педагогикалық қызметтің ардагері.

Әрі әріптес, әрі дос едік

Темірболат Ережепбайұлымен достығым 1965 жылдан басталды. Теменнің адамға деген ізеттілігі мен сыпайылығы жайлы өңгіме бір тебе. Ал қызмет бабындағы біліктілігі мен білімділігі, маман тану, оны тиімді орналастырып, еңбекке жұмылдыра білу қасиеті ерекше-тін. Оны мен Ресейден Лебяжі ауданы, Қарақала ауылына келіп, қызметін бастаған сәттен-ақ аңғара бастадым. Кейіннен Темен екеуіміз де екі ауданның оқу бөлімінің меңгерушілері болған уақытта ұдайы көз жеткізіп отырдым.

1991 жылы Темен мені облыстық білім басқармасына, өзіне орынбасарлыққа шақырды. Сол уақыттағы қазақ мектептерінің мәртебесін көтеруге, қазақ тілін жан-жақты дамытуға деген ынта-жігерін көріп, жоғары бағалап, ұсынысын құп алдым. Сөйтіп, облыс аумағында жабылып қалған қазақ мектептерін, қазақ сыныптарын үдере аша бастадық. Қазақ мектептеріне ауадай қажетті болған кадрлар мәселесіне жете назар аударып, қазақ балабақшаларына басым көңіл бөлуді қолға алдық. Мәселен, небары 5-6 баламен қазақ сыныптарын да ашқан кездеріміз болды, өйтпеген жағдайда қазақ

мектептерін қалыптастыру, тіпті қазақ тілін дамыту мүмкін болмай қалар еді. Содан, 1994 жылдың соңына дейін етене жақын жүріп, қоян-қолтық қызмет атқардық. Жалпы, Теменнің облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, содан соң облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы болған, облыстық білім басқармасын басқарған кездеріндегі ой ұшқырлығы, тапқырлығы, асқан жауапкершілігі, әр іске тиянақтығымен елінің елеулісіне айналды.

Бір жүздік өмір - мектеп кемесінде,
Шегелеп оқу-білім шегесін де.
Адалдық, адамдығың үшін, Темен,
Қаласың мәңгілікке ел есінде.

Темен жиі еске түскен сайын, жылы шырайлы жүздесулер, достық басқосулар көз алдына келіп, әзіл-қалжыңы аралас әңгімелер, өмірге деген көзқарас, пікір алмасулар ойға оралады. Кездесу сайын кеңесу мен сырласуымыз кеше ғана секілді еді, тағдырдың жазуымен, бүгін еске алатын жағдайға тап болдық.

Аяулы әріптес, адал дос Теменнің жатқан жері жарық болсын деп тілөйміз. Алланың рахматына, пайғамбардың шапағатына бөленсін!

Т.ҚҰЛТУМАНОВ,
ҚР құрметті білім қызметкері.

Қазақ өлі - әуелбастан-ақ молда, имамдарды ұстаз санаған жұрт. Төңкеріске дейінгі ауылда молда, медресе-мектеп ұстаған имам - ірі, сауатты тұлға болды. Темеңнің ұлы атасы Дәйке Бұқарада діни білім алған, Қазан төңкерісіне дейін Жайлауағашта медресе-мектеп ашып, бала оқытқан. Дәйке ұлы Ережепбай әкесінің дін, білім ұрығын жалғыз ұлы Темірболатқа көзі тірісінде жеткізді де, Құран - Кәрімнің «Ықылас» сүресін бес-алты жасар баласына үйреткен. Ережепбайдан қалған жалғыз тұяқ сол кезде биік шөптен төбесі әзер қылтып көрінетін, әке басына күнде таңертең өзі салған соқпақ жолмен жүгіре басып, кетіп бара жататын. Әке үйреткен «Ықылас» сүресін мақамына келтіре оқып шығатын да қайта оралатын, - дейді Темеңнің алғашқы ұстазы Бақтыбай апа. - Шәкіртім ғана емес, әрі қайным болатын. Оның қиындығы мол мұғалімдікті қалап алуы - Дәйке атасының өнегесі шығар.

Жаны жайсаң жан еді

Тәуелсіздікке қол жеткізген, жылдары мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, оны әрі қарай дамыту жауапкершілігі ең бірінші кезекте тұрды. Бұл аса өткір, үлкен жауапкершілікті және біліктілікті талап ететін міндет еді. Темең бұл мәселені шешуде де өзін осы орайда мемлекеттік деңгейде ойлайтын қарымды басшы ретінде таныта білді. Сол жылдары қазақ тілінде білім беретін мектептерде балалар саны 2,5 есе артады, өзге ұлт өкілдері үшін жексенбілік мектептер ашылады. Кейін олар жинақталып, «Ұлттық жаңғыру мектебі» деп аталды. Бүгінгі таңда «Достық үйінің» әсем ғимаратында орналасқан бұл оқу орны бір орталықтан басқарылып, оқу ісін жүйелі жолға қоюға қол жеткізді. Сонымен қатар жалпы білім мазмұнын жаңарту мақсатында біздің облыста жүргізілген тәжірибелік және инновациялық жұмыстардың нәтижесінде өлкеміз жалпы республика бойынша эксперименттік аймаққа айналды. Облысымызда алғаш рет гимназия, лицей, бизнес-мектеп, «КТУ - мектеп-интернаты», қазақ-түрік лицейлері ашылды.

«Ер азамат сегіз қырлы, бір сырлы болады» дейді қазекем. Темеңнің нағыз ғалымға тән ізденгіштік, зерттеушілік, сарапшылық қасиеттері облыстық мұғалімдер біліктілігін арттыру институтының директоры болған кезде (1996-2005 жж.) барынша ашыла түсіп, өзіндік жемісін берді. Осы орталықта тұңғыш тарихи мұражай ашты.

Темірболат Ережепбайұлы 2003 жылы мұғалімдер ауымына арнап «Ұстаздар газетін» жарыққа шығарып, оның бас редакторы болды. Жаңалық десе елегізіл тұратын басшы институтта тіл мамандары курстарын, семинар-кеңестер мен ғылыми-практикалық конференцияларды, т.б. оқу-әдістемелік іс-шараларды жиі ұйымдастырып өткізуді жүйелі жолға қояды. Оның ана тілімізге деген ерекше ілтипатының айғағы ретінде «Қазақ тілін оқытудың интерактивті модульдік технологиясы» жайында белгілі тіл маманы, ф.ғ.к., оқулық авторы Т.М.Артықовамен жүргізілген сұхбатын атап өтуге болады. Кезінде «Ұстаздар газетінде» жарық көрген осы сұхбатты біз Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық

ұйымының 20 жылдығына арналған «Қоғам белестері» атаулы жинаққа енгізіп отырмыз.

Темірболат Ережепбай ұлының азамат ретінде қалыптасуына ең алдымен аяулы анасы Құлбан Садуақасқызының, одан әрі немере ағасы Миян мен жеңгесі Еркіннің, жиен ағалары - ұстаздар Сағиден, Шәкен, Құдайберген Бейсеновтардың, т.б. туған-туысқандарының игі әсері болғаны хақ, Темеңнің қайың жұрты да елі құрметтеген қадірлі адамдар. Жан-жары Қарлыға Шәйкенқызы екеуі 3 бала, 8 немере сүйіп, бақытты отбасын құрды. Тәңірім қолдаса, олар әкесінің салған сара жолын ұстанып, оның бастап кеткен келелі істерін әрі қарай дамытар деген үміттеміз. Темеңмен мен 1978 жылы қызмет бабында таныстым. Кейін құда болдық. Содан бері «құда мың жылдық» деп, ынтымағымыз жарасып жүр. Балаларымыздан туған үш немеремізді қызықтап, тәрбиелеуге бірге араласамыз.

Оның ірі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін есуіне Махмет Қайырбаев, Хатип Демесінов, Тәжібай Шаймарданов, Алма Мұқанқызы, Валентина Шершнева сынды өлкеміздің қадірлі азаматтары кезінде қолдау көрсетіп, үнемі назарында ұстағанын білеміз. Ұлағатты ұстаз, зерделі ғалым, оқу ісінің білікті маманы ретінде қалыптасу барысында жоғары ғылыми лауазымды Новосибирь гуманитарлық институтының ректоры, академик Е.А. Соколов, халықаралық Экономикалық Еуразия Академияның академигі, профессор С.С. Сатыбалдин, п.ғ.д. Ө. Озғанбаев, Ж. Қараев, п.ғ.к. Ж.Ахметов, Е.Қасымбеков тәрізді азаматтармен серіктес болып, мамандығын жетілдіріп, үлкен беделге ие болды. Соңғы жылдары география және экономика пәндерінен 5,8 сыныптарға арналған электрондық методикалық оқу құралдары жарық көрді. Жуырда өзі көп еңбектеніп құрастырған тарихи жинақ «Уақтар шежіресі» баспадан шықты.

Қадірлі Темеңнің бұл күндері 70 жасқа толды. Амал қанша, жетпісіне жете алмады.

Мұрат ӘБДІРАХМАНОВ,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалының төрағасы.

● ТУЫНДЫ

«Уақ шежіресі»

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Темірболат Ережепбайұлы Дәйкеновтің соңғы туындысы.

Т.Е.Дәйкенов өмірінің соңғы жылдарында жеке меншік «Дарын» мектебін ашып, оған жетекшілік етумен бірге шығармашылықпен де айналысты. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институтын басқарған кезінде орта мектеп оқушыларына арнап «Павлодар облысының экономикалық географиясы» оқулығы мен көмекші құралын шығарды. Өзінің алпыс бес жылдығына «Ұстаз» («Учитель») атты өмірбаяндық және қызмет жолын баяндайтын кітабын жұртшылыққа ұсынса, белгілі партия, қоғам қайраткері, педагог, журналист, дипломат Алма Мұқанқызы Әжібаева туралы «Өз халқың қызы» деген кітабын шығарды. Содан кейін Тереңкөлдегі Қ.Оспанова атындағы қазақ орта мектебін 1957 жылы бітірген түлектердің басын қосып, үлкен жиын өткізіп, алтын ұя - мектебін еске түсірген фотосуреттер көрмесін жасап, бұдан елу жыл бұрынғы түлектердің тағдырынан сыр шертіп еді. Осыдан іле «Уақ шежіресін» шығаруды қолға алған-ды. Бұл істі тындыруда қыруар ұйымдастыру шараларын жүргізді: іздеді, зерттеді. Темең кең байтақ Қазақ даласының әр аймағына бытырай орналасқан Уақтардың мекендерін, ауыл-аймақтарын анықтады. Телефонмен байланыс жасап қана қоймай, өзі сапарға шықты. Семей, Өскемен, Бесқарағай, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Омбы, Қызылжар, Қытай, Моңғол елдері, Қостанай, Ерейментау, Көкшетау, т.б. аймақтарға барып оралды. Сондай сапарларының бірінде Омбыдан әрі қалың орман ішінде осыдан 200 жыл қоныс тепкен Уақ ауылының тарихына қанықты. Бұдан 3-4 жыл бұрын Омбыдағы уақ ауылының Омбы, Қызылжар, Көкшетау асып кеткен азаматтары Омбы губернаторы, өзіміздің жерлесіміз Л.Полежаевтың көмегімен Уақ ауылының 200 жылдығын дүрілдетіп өткізгенін баяндайтын материал дайындағанын есімде. Омбы орманындағы Уақ ауылына шыққан, полковник Өтегенов Мұхамеджан Павлодарда тұрады.

Тағы бір факт. Темірболат Уақ шежіресіне материал-дар іздей жүріп, Шымкент маңында уақтардың ассоциациясы құрылғанын, оның басқару органы барын білген. Бұл тәуелсіздіктің арқасында болғанын пайымдайды.

Уақ шежіресін дайындау барысында автор өзінің туған мекені - Тереңкөл болысының тарихына, оның топырағынан шыққан белгілі адамдарға ден қояды.

Кеткен едік әр жаққа ұшып ұядан

Жазылып, жатыр жақсы сөз қаншама, Мен де қосылайын сөздерге жан сала. Темен бейнесі қалсын мәңгі есімизде, Жүрек жылуы сатылмайды ақшаға.

Қайынды жер біздің туған өліміз, Қоңыр ел ер жетіп, өскен өліміз. Ұқсастық бар секілді біздің тағдыр да, Мен тоғызда, ол алтыда өкеден жетімбіз.

Мен орыс, ол қазақ мектебін қалаған, Біз едік жоғары білімді сырттан жалғаған. Туған ауданда ұстадық ұстаз таяғын, Кеткен едік әр елге ұшып ұядан.

Темирболат білімді, ерекше жан, Адамшылығы тұлғасына болған төн. Кеңшілік еркін қолына түскенде, Ұрпақ ертеңін ойлаумен атқан таң.

Деген, қазақтан шыққан талай дарын, Ашамын бала-бақша, мектеп «Дарын». Ашар көзін тауып жетті айтқанына, Ашылды, үлгі болды аймаққа, мектеп шағын.

Ұстаздарға арнап әдістеме ісін, Облыста ашты «Ұстаздар» газетін. Бар тәрбиеге жаңадан шашу шашып, Мұғалімдерге ұстатты жаңа тізгін.

Ғасыр асқан бар еді ата мекені, Қинады Қашыр болып оның кеткені. Тарих атауын қайтару жөн деп, Білеміз «Тереңкөл» атын тірілткенін.

Деп еді-
«Орта жүздегі алты арыстың бірімін,
Уақ руының намысқор ұлымын».
Қазақ елін құраған, жерін қорғаған асылдарын,
Темен жинап, құрастырған шежіреден көремін.

Бүгін, назды өкінішке орын болмайды, Білеміз, дүниеден өткен қайтып оралмайды. Темирболаттың асыл мұраты-ұрпағы бар, Сенемін, өзі жасап кеткен ісі тозбайды. Бақыл болсын, әріптес замандасым.

Әріптесі Рахмет Мұхаметқалыұлы,
педагогикалық қызметтің ардагері.

Білімдімен дос болсаң...

Бұл 1981 жылдың жаз айларының бірі еді. Темирболат Ережепбайұлы Павлодар облыстың партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің нұсқаушысы, мен Лебяжі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі едім.

Ертеңінде уәделі уақытта ауылдық Кеңестің төрағасы екеуіміз мектеп алдында тосып алдық. Мектепте жаңа оқу жылына дайындық барысындағы жеңіл-желпі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан болатын. Облпартком өкілі мектептің жөндеу жұмыстарымен танып, сынып бөлмелерін аралап жүріп әрқайсысымызбен жөй ғана мәдениетті, сыпайы сөйлесті.

Белгісіз біреулердің жоғары жаққа жолдаған шағым хатына байланысты келгенін кейін түсіндік. Домалақ арызды көрсетпей, дабыра етпей, мазмұнын айтпай, сұхбат-әңгіме түрінде сөйлесті. 5-6 адамды шақыртып алып сұхбаттасты.

Кетерінде, Темен: директорыңыздың кәсіби біліктілігі мен еңбекке жанашырлық қызметі соншалықты жаман емес сияқты. Мәселені өзіңіз шешіп, түйінін өзіңіз қойғаныңыз дұрыс болар, - деді. Бұл менің Темирболат Ережепбайұлым алғаш кездесуім, таныстығымыздың басы болатын.

Уақыт өте келе достасып та кеттік. Үлкенді-кішілі әріптестерін шынайы түсініп, құрмет тұта білетін, сыйлай алатын жан болды.

Дайкенов Темірболат Ережепбайұлымен арамыздағы сыйластық, көп алдындағы үлгі тұтарлықтай қарым-қатынасымыз ұзаққа созылды.

Темен өмірде ұстаз болып өтті. Ұстаз болу – сөзімнің ақындығы Ұстаз болу-жүректің батылдығы Ұстаз болу – өмірдің күн шуағы – дегендей, қара жерді нық баса жүріп қолынан келгенше айналасындағы дос-жарандарыңа, ағайын-туыстарына, әріптестеріне, шәкірттеріне шуағын шаша білген; көптің батасын, ризашылығын алған азамат атанған-ды.

Ұстаздық ұлағатымен талай ұрпақтарға білім мен тәрбие тағлымының нұрын ұялатқан, мәртебелі мамандық жолында жан аямай еңбек сіңірген азамат туралы қанша айтсаң да көптік қылмайды, ешкім сөге қоймас. Темен де өмірді сүйе, өмір сүруге ынтыға жанталаста болып өміршеңдік көрсете білген азамат.

«Азаматпен дос болсаң, қадірдіңді біледі. Білімдімен дос болсаң – керегінде жол табады» дегендей, Темирболат Ережепбайұлы дос-жаранның қадірін біліп қадірлейтін, жаңа өмірде жаңаша ойлап, жол сілтегіш адам еді. Соның да салдары болар әріптестері, жолдастары еш ұмытпай, жол тапқыш адам ретінде естерінде ұстайды.

Қабидолла ӘЛІБАЕВ,
әріптесі, ардагер ұстаз.

Ұстаздардың ұстазы

Өмірді бастап едің ұстаздықтан
Ізденіп жүруші едің көмек беріп,
Ашып едің мектеп – «Дарынды»
Аямадың ұрпақ үшін барыңды...

Халықты бақытқа бастайтын бірден бір құдірет-білім болса, кеңес дәуірінде көңілдің көлеңкелі тұсы болып, арман болып жүрген тұңғыш жекеменшік ұлттық «Дарын» мектебі егемендіктің мәуелі жемісі болған еді. Есесі қайтпайтын адал еңбек болуы мүмкін емес екен. Осылай, Темирболат Ережепбайұлы Дәйкеновтің кекейдегі арманы орындалған еді...

Уақыт өтіп жатыр... бірақ жадымызда оның есімі мәңгі қалды, бейнесі ұмытылмайды. Ұстаздардың ұстазы... жақындарына да, бөтен адамдарына да өділ... жұрттың бөріне... жақсылық пен ізгілік көрсеткен Темирболат Ережепбайұлы Дәйкенов ағаның жатқан жері жәннатта, топырағы торқа болсын дейміз.

Еске алушылар: Тұңғыш жекеменшік «Дарын» (1999-2007 оқу жылдары) гимназия, балабақша ұстаздар ұжымы, ата-аналары, оқушылары

Мысалы, Тереңкөл болысын 72 жыл басқарған Жантөбетұлы Жанқара балалары жайында мол деректер осы кітаптан орын алған. Ал Мұздыкөл болысы (қазіргі Железинка ауданы) тарихы да - мол дүние. Петербургте Романовтардың патшалық құруының 300 жылдығына қатысқан, Ресей Думасының депутаты Белекұлы Токсейіт би туралы мәліметке қанығасыз. Токсейіт бидің шөберелері педагогика қызметінің ардагері Байжан апа, оның бауыры Аманкелді Кәрімұлы Павлодарда тұрады.

Қандастарын соңына ертіп, осы төңірекке алып келіп, қазіргі Есқара маңына орналастырған Өмір батыр жайында еңбек ардагері Жамбыл Ахметовтың деректі әңгімесі кітапқа енген. Сонымен бірге Шарбақты, Лебяжі аудандарының аумағында қоныс тепкен уақтардан шыққан белгілі адамдар да сөз болады.

Автор Т.Е.Дайкенов Семей, Өскемен, Қостанай, Қызылжар, Көкшетау өңірлерінен шыққан, ел бірлігін, ел тыныштығын қорғауда ат үстінен түспеген халық батырлары Баян, Өтеген сияқты ел қамқорлары жайында, олардың бүгінгі ұрпағы туралы тың деректер жинаған. Кеңес заманында Уақ атаның балаларынан тараған Кеңес Одағының Батырлары Дәулетбеков Амантай (Қарағанды облысы), Жәлел Қизатов (Солтүстік Қазақстан), Құдайберген Сұрағанов (Тереңкөл), Социалистік Еңбек Ерлері Мейман Мақантаев (Ерейментау), Қожахмет Махметов (Еркіншілік, Ақмола облысы), Аманкелді Исақов (Қостанай), Әбілжан Өмішев (Көкшетау), Жылқыбай Жүсіпов (Железинка), Кәмшат Дөненбаева (Қостанай облысы, Ұзынкөл);

Парламент депутаттары - жазушы - философ Ғарифолла Есімов, Бексұлтан Тұтқышев, Ермек Жұмабаев, Лилия Мусина, Нұртай Сабелиянов, Азамат Тұрсынов; ғалымдар Қайым Мұхаметханов, Төлеубай Аманов, Қабидолла Жоламанов, Хасен Арғынов, Ғайрат Сапарғалиев, Өмірзақ Сұлтанғазин (кезінде Қазақ Ғылым Академиясының президенті болған), Есет Смайылов, Тоқмұхамбет Садықов, Құтжан Құнапина (Шарбақты, академик), әскери қайраткерлер, полковниктер – Жұмағали Омаров, Шәкен Айдарханов, Бесбаев Қабен, Кәрім Жұмағалиев, Қасымов Сіләмбек, Қалиақбар Тоқышев, т.б.; мемлекет, қоғам қайраткерлері арасынан Хатип Демесінов, Нағима Арықова (Қарқаралы), Мағжан Орынбаев, оның ұлы Өкежан Қажыгелдин, Қадыр Байкенов, т.б. белгілі адамдар кітапқа енген. Сан алуан қызмет иелері де осы басылымнан орын алған. Ел басқарған азаматтар, заңгерлер, дәрігерлер, кәсіпкерлер, соғыс және еңбек ардагерлері, оқу - білім спорт саңлақтары, діни қызметкерлер - қажылар, шежірешілер, халық емшілері де автор назарынан тыс қалмаған.

Сонымен, Уақтар шежіресі алғаш рет кең көлемде жинақталып, жеке кітап болып жарық көрді. Көлемі - 1000 бет. Астананың «Фоллиант» баспасынан шықты. Уақ жұртының энциклопедиясы іспетті осы кітаппен уақ шежіресі тамамдалды деуге болмайды. Шежірелік деректер ауызекі айтпалып жүрген нұсқада жинақталды. Шежірелік ауызекі айтпалып жүрген нұсқада жинақталды. Шежірелік ауызекі айтпалып жүрген нұсқада жинақталды. Шежірелік ауызекі айтпалып жүрген нұсқада жинақталды.

Ардагер Темирболат Ережепбайұлының бұл кітабының шығарылуына ат салысуға шақырамыз.

Төлеубек ҚОҢЫР.